ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 21 мамыр № 4712-25-00-2/1324іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
ЖК «ЕРКАН» ретінде әрекет етуші Бокаев Ерболат Аманжолұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

ЖК «ЕРКАН» ретінде әрекет етуші Бокаев Ерболат Аманжолұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ЖК «ЕРКАН» ретінде әрекет етуші Бокаев Ерболат Аманжолұлынан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған

Департамент государственных доходов по Мангистауской области Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан. Джурумбаева А. Б.

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Көшірмесі дұрыс
Судья А.О.Аташева

Анықтама
Шешім заңды күшіне 24 маусым 2025 жылы енді

Судья А.О.Аташева

Департамент государственных доходов по Мангистауской области Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан АДжурумбаева А. Б.